АО «Народный Банк Казахстана» – один из крупных банков второго уровня Казахстана, который оказывает услуги более 95 лет в розничном сегменте, в малом и среднем бизнесе, а также в корпоративном секторе многим корпоративным клиентам. Банк занимает лидирующие позиции по доле рынка по кредитам и депозитам (рисунок 1).




Рисунок 1 – Структура основных показателей корпоративного управления в АО «Народный Банк Казахстана», %

Примечание – Источник: годовой отчет АО «Народный Банк Казахстана» за 2019 г. [1].

В банке разработан Кодекс корпоративного управления, где представлены принципы корпоративного управления. Принципы корпоративного управления в банковском секторе разработаны в систематизированном порядке, что позволяет выстроить эффективную систему управления, и, как результат, банк имеет высокое качество активов, стабильную доходность, большую клиентскую базу, а также самый сильный кредитный рейтинг среди казахстанских банков (таблица 1).

Таблица 1 – Суверенный рейтинг на инвестиционном уровне

Наименование агенства	АО «Народный Банк Казахстана»	Общий показатель по Казахстану
Moody's	Ba1 стабильный	Baa3 стабильный
S&P	BB стабильный	BBB- стабильный
Fitch	BB положительный	BBB stable
Примечание – Источник: официальный сайт АО «Народный Банк Казахстана» [2].		

С 2006 г. с момента размещения акций банка на международном рынке придается особое значение развитию корпоративного управления.

На рисунке 2 (стр. 271) приведены принципы корпоративного поведения работников АО «Народный Банк Казахстана» с краткой характеристикой. Каждый сотрудник банка и Halyk Group должен придерживаться данных принципов.

Необходимость дальнейшего развития и совершенствования системы корпоративного управления банка обусловлена:

- ♦ новыми требованиями законодательства РК в отношении функционирования системы управления рисками в банках второго уровня;
- ♦ новыми рисками, с которыми сталкиваются финансовые организации в рамках своей деятельности из-за замедления роста экономик Казахстана и ближайших стран-партнеров по Евразийскому экономическому союзу.

Кодекс корпоративного управления банка определяет основные стандарты и принципы управления, порядок функционирования, принятия и реализации решений, в том числе отношения между Советом директоров и Правлением, акционерами и должностными лицами, сложившиеся в банке. Кодекс разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан, рекомендациями уполномоченного органа, Типовым кодексом корпоративного управления, с учетом этических норм [4].

Кодекс позволяет соблюдать принцип прозрачности при расчете выплат дивидендов, создать оптимальную возможность для реализации полных прав при управлении банком, а значит, видеть «полную картину» финансового положения банка.

Опыт зарубежных стран. Интересен в области корпоративного управления опыт Великобритании. Кодекс корпоративного управления Великобритании был разработан в соответствии с Положением о корпоративном управлении, Правилами раскрытия и транспарантной информации Управлением по финансовому регулированию и надзору Великобритании.

В таблице 2 (стр. 272) показаны основные отличия Кодекса корпоративного управления банка от Кодекса корпоративного управления Великобритании, которые вызваны необходимостью соблюдать требования законодательства и казахстанского регулятора – Национального Банка Республики Казахстан и частично – реалиями местных условий деятельности банка.

У банка GDR включены в официальный список Лондонской фондовой биржи, при этом банк не обязан соблюдать Кодекс корпоративного управления Великобритании, опубликованный регулятором Великобритании – Советом по финансовой отчетности. Однако в соответствии с вышеуказанными Правилами банк обязан представлять информацию о соблюдении им Казахстанского кодекса корпоративного управления и принципов в годовом отчете.



Рисунок 2 – Общие принципы корпоративного поведения работников АО «Народный Банк Казахстана»

Примечание – Составлено авторами на основании правил корпоративной этики АО «Народный Банк Казахстана» за 2019 г. [3].

Основные отличия Кодекса корпоративного управления банка от Казахстанского кодекса корпоративного управления:

- ♦ прописана организация деятельности Совета директоров и Правления с разграничением функций;
- ♦ добавлены принципы рассмотрения вопросов вознаграждения членов Правления и директоров;
- ♦ добавлены принципы ответственности и ограничения для кандидатов членов Правления и директоров согласно рекомендациям Казахстанского регулятора для повышения качества состава органов банка.

Таблица 2 – Основные отличия Кодекса корпоративного управления банка от Кодекса корпоративного управления Великобритании

Кодекс корпоративного управления Великобритании	Кодекс корпоративного управления банка
Предусматривает максимальный 3-летний срок для переизбрания директоров	Не содержит требование регулярного переизбрания Совета директоров. Срок полномочий Совета директоров определяется общим собранием акционеров
Предусматривает проведение отдельных заседаний независимыми директорами как минимум раз в год, в частности, для оценки деятельности председателя Совета директоров	Проводятся встречи с участием корпоративного секретаря и независимых директоров для обсуждения вопросов стратегии, совершенствования процессов корпоративного управления
Предусматривается, что как минимум половина состава Совета директоров, исключая председателя, должна состоять из независимых директоров	В соответствии с законодательством Казахстана в составе Совета директоров должно быть не менее трети независимых директоров
Предусматривает, что неисполнительные директора должны тщательно анализировать работу Правления по вопросу ее соответствия целям и задачам	Налагает такую ответственность на всех членов Совета директоров банка
Примечание – Составлено авторами на основании источника [5].	

При разработке Казахстанского кодекса корпоративного управления использовали обширный международный и казахстанский опыт, как результат, кодекс имеет расширенные положения, что способствует повышению уровня корпоративного управления.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Годовой отчет АО «Народный Банк Казахстана» за 2019 г.: <https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie>.
- 2 Суверенный рейтинг на инвестиционном уровне: официальный сайт АО «Народный Банк Казахстана»: <https://halykbank.kz/>.
- 3 Правила корпоративной этики АО «Народный Банк Казахстана» за 2019 г.: <https://halykbank.kz/storage/app/media/Korporativniy/3.pdf>.
- 4 Корпоративное управление в коммерческих банках. KazReferat.info. URL: <http://www.kazreferat.info/read/korporativnoe-upravlenie-v-kommercheskih-bankah-MTI2NzAy>.
- 5 Кодекс корпоративного управления в АО «Народный Банк Казахстана»: <https://halykbank.kz/storage/app/media/Korporativniy/Izmenenye%20sovet%20deriktorov/Kodeks/2007.pdf>.

SPISOK LITERATURY

- 1 Godovoi otchet AO «Narodnyi Bank Kazakhstana» za 2019 g.: <https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie>.
- 2 Suverennyi reiting na investitsionnom urovne: ofitsial'nyi sait AO «Narodnyi Bank Kazakhstana»: <https://halykbank.kz/>.
- 3 Pravila korporativnoi etiki AO «Narodnyi Bank Kazakhstana» za 2019 g.: <https://halykbank.kz/storage/app/media/Korporativniy/3.pdf>.
- 4 Korporativnoe upravlenie v kommercheskih bankakh. KazReferat.info. URL: <http://www.kazreferat.info/read/korporativnoe-upravlenie-v-kommercheskih-bankah-MTI2NzAy>.
- 5 Kodeks korporativnogo upravleniya v AO «Narodnyi Bank Kazakhstana»: <https://halykbank.kz/storage/app/media/Korporativniy/Izmenenye%20sovet%20deriktorov/Kodeks/2007.pdf>.

Ж.А. БЕКПАЕВА,¹

жобаларды басқару магистрі, докторант.

Н.В. НИКИФОРОВА,¹

э.ғ.д., профессор.

Алматы менеджмент университеті¹

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ-ДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Андатпа

Жоғары сапалы корпоративтік басқару – бұл банктің бәсекелі нарықтағы табысының міндетті шарты. Тиімді түрде құрылған корпоративті басқару жүйесі компанияға кірісті арттыруға, дұрыс даму бағытын құруға көмектеседі, өйткені корпоративті басқару компанияға мақсат қоюға, сондай-ақ оларға қол жеткізу мен бақылау құралдарын анықтауға негіз береді. Батыс бәсекелестеріне қарағанда бәсекеге қабілеттілігін арттыруды жоспарлаған банктер корпоративті басқару мәселелерімен мұқият айналысу керек: корпоративтік басқару жүйесін нығайту немесе басқарудың тиімді жүйесін құру, сонымен қатар сенімді контрагенттерді таңдауды құру. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ корпоративтік басқарудың ұқсас тәжірибесін Halyk тобының басқа ұйымдарында да қолданады және бұл топтың барлық корпоративтік басқару принциптерін жақсартуға және біркелкі түсінуге ықпал етеді деп санайды. Корпоративтік басқару тақырыбы капиталдандыруды арттыру үшін экономиканың нақты секторындағы компанияларға да, олардың серіктестеріне де, мердігерлерге де қызықты. Корпоративтік басқару қағидастары экономикалық мақсаттарға қол жеткізу, инвесторлардың сенімін арттыру, компаниялардың капиталын дұрыс бөлу үшін әзірленген.

Тірек сөздер: корпоративті басқару, негізгі қатысушылар, мүдделі тұлғалар, қызмет тиімділігі, кредиттік рейтинг, клиенттік база, активтердің сапасы, табыстылық.

ZH.A. BEKPAEVA,¹

PhD student.

N.V. NIKIFOROVA,¹

d.e.s., professor.

Almaty Management University¹

STATE OF CORPORATE GOVERNANCE IN JSC “PEOPLE’S BANK OF KAZAKHSTAN”

Abstract

High-quality corporate governance is a prerequisite for the success of the bank in the competitive market. In its turn, an efficiently built corporate governance system helps the company increase profits, build the right development vector, as corporate governance provides the basis for setting goals for the company, as well as identifying tools for their achievement and control. Banks that plan to increase their competitiveness over western competitors need to deal closely with corporate governance issues. On the one hand, to strengthen the corporate governance system or build an effective management system, as well as to establish the selection of reliable counterparties. JSC “People’s bank of Kazakhstan” implements a similar corporate governance practice also in other Halyk Group organizations, and believes that this contributes to the improvement and uniform understanding of corporate governance principles throughout the group. The topic of corporate governance is of interest to both companies in the real sector of the economy and their partners and contractors to increase capitalization. The corporate governance principles are designed to achieve economic goals, improving investor confidence, the correct distribution of capital of companies.

Key words: corporate governance, key participants, stakeholders, performance, credit rating, customer base, asset quality, profitability.

МРНТИ 73.01.75

УДК 336.76

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2020-1-4-274-278>

А.Н. ТАТИБЕКОВА,¹

докторант.

Университет «Туран»¹

ЛИКВИДНОСТЬ КАК ДОЛГОСРОЧНЫЙ СТРУКТУРНЫЙ ФАКТОР, ВЛИЯЮЩИЙ НА ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ ФИНАНСОВЫХ АКТИВОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Ликвидность является важным фактором для нормального функционирования рынка ценных бумаг. Глубоко ликвидные рынки позволяют инвесторам приобретать или продавать большие объемы ценных бумаг без влияния на их цены. Ликвидность ценных бумаг может влиять на их цену и частоту сделок: инвесторы могут продавать бумаги с дисконтом или будут ждать подходящего покупателя с адекватной ценой. В странах с развивающимися рынками наблюдается низкая ликвидность корпоративных облигаций. Во время кризиса на рынке возникает риск ликвидности и становится крайне сложно продать бумаги, которые в нормальных условиях редко торгуются. С точки зрения иностранных инвесторов, рисковыми могут быть облигации, выпущенные в местной валюте. Во время рыночного стресса, корреляция между ликвидностью и прочностью местной валюты становится положительной. На некоторых развивающихся рынках существует проблема ценообразования облигаций в результате редких сделок с облигациями. Отсутствие ежедневных цен на корпоративные облигации при низкой ликвидности государственных облигаций также является проблемой. К примеру, на рынке облигаций Чили, несмотря на наличие институциональных инвесторов, отсутствовала ежедневная рыночная стоимость облигаций в силу низкой ликвидности рынка. Автором проведен анализ сделок с корпоративными облигациями за последние пять лет. Была выявлена низкая частота торговых сделок, и как следствие, отсутствие актуальных цен по всей длине доходности процентных ставок. В результате, на казахстанском рынке ценных бумаг функционирует фрагментарная кривая доходности процентных ставок с доходностями на нескольких сроках погашения.

Ключевые слова: активы, ценообразование, ликвидность, корпоративные облигации, риски, транзакционные издержки, эмитенты.

Рынки ценных бумаг представляют собой финансовые рынки, на которых совершается покупка и продажа различных видов ценных бумаг, а также требования на эти активы [1]. Наличие ограничений на рынке ценных бумаг препятствует нормальному функционированию рынка. Интересна взаимосвязь микроструктуры рынка и механизма ценообразования активов. D. Easley и M. O'Hara исследовали влияние рыночных структурных факторов на динамику ценообразования активов [2]. Так, в краткосрочной перспективе структурные факторы, оказывающие влияние на цены активов, относятся к механизму торговли бумагами и последующей коррекции цен на равновесном уровне. Краткосрочные факторы, к примеру, колебания спреда, могут привести к корректировке цен, но не влияют на доходность активов. В свою очередь, долгосрочные фундаментальные факторы могут влиять на риски и доходность активов. В настоящей статье мы рассмотрим такой долгосрочный фактор, как ликвидность рынка, и его потенциальное влияние на стоимость финансовых активов.

Согласно классической теории ценообразования активы являются ликвидными и легко торгуются экономическими агентами. Тем не менее в реальности часто встречаются неликвидные активы и это оказывает влияние на выбор инвестиционного портфеля. Инвесторы, которые приобрели активы, например, акции, ставшие неликвидными, попадают в ловушку ликвидности. В результате изменение решений инвесторов будет влиять на равновесные цены активов. Amihud и Mendelson [3], Brennan и Subrahmanyam [4] исследовали взаимосвязь ликвидности акций и их цены. Так, Ahimud и Mendelson связывают ликвидность с торговыми издержками, где более ликвидные рынки имеют более низкие издержки. Инвесторы предпочитают ликвидные активы, так как торговые издержки по ним минимальны.

Однако Aiyagari и Gertler [5], Vayanos и Vila [6] утверждают, что в долгосрочном периоде эффект влияния ликвидности на доходность актива незначителен. Авторы считают, что транзакционные издержки слишком малы по сравнению с равновесной риск-премией, чтобы оказать влияние на цену актива. Тем не менее Ahimud и Mendelson считают, что ликвидность имеет

более широкое влияние на доходность активов. Так, инвесторы стараются максимизировать текущую стоимость будущих потоков. Согласно построенной модели, инвесторы держат портфель активов с разными временными горизонтами и, соответственно, имеют транзакционные издержки при продаже и покупке активов. Прокси неликвидности выступает спред покупки-продажи (bid ask spread), чем выше спред, тем в целом ниже доходность активов. На рынке возникает спрос на активы с разным уровнем ликвидности, так, лишь долгосрочные инвесторы будут покупать неликвидные активы и требовать компенсацию за риск неликвидности. Согласно данной модели, предполагается, что равновесная доходность актива является возрастающей вогнутой функцией спреда покупки/продажи.

Противники указанного подхода не обнаружили явной связи между спредом покупки-продажи и доходностью актива и объясняют позитивные результаты модели Ahimud и Mendelson неверной спецификацией риска, когда доходность недостаточно скорректирована на риск.

При этом мнения практически всех авторов сходятся в одном – низкая ликвидность активов способствует снижению цен активов и уменьшает их привлекательность как инвестиционного инструмента. Низкая ликвидность является одним из признаков несовершенства рынка. Ограничение конкуренции между участниками рынка, высокие транзакционные издержки, а также информационная асимметрия негативно влияют на состояние ликвидности рынка. Напротив, ликвидные рынки считаются менее волатильными и имеют более низкие торговые операционные издержки по сравнению с неликвидными рынками.

Ликвидность является важным фактором для рынка облигаций. Глубоко ликвидные рынки позволяют инвесторам приобретать или продавать большие объемы облигаций без влияния на их цены. На многих рынках капитала с внебиржевыми операциями сложно найти покупателя или брокера-дилера, готового купить или продать определенную бумагу. Ликвидность облигаций может влиять на ее цену и частоту сделок: инвесторы могут продавать облигации с дисконтом или будут ждать подходящего покупателя с адекватной ценой.

Следует отметить, что в целом облигации являются менее ликвидным инструментом по сравнению с акциями. Так, согласно исследованию S. Mahanti, в развитых рынках, например, США облигации торгуются в среднем 18 дней из 22 торговых дней, тогда как даже менее ликвидные акции торгуются по несколько раз в день [7].

В странах с развивающимися рынками наблюдается низкая ликвидность корпоративных облигаций. Во время кризиса на рынке возникает риск ликвидности и становится крайне сложно продать бумаги, так как даже в нормальных условиях эти облигации торгуются эпизодически. Продажа облигаций в крупных объемах во время кризиса может очень дорого стоить инвесторам. С точки зрения иностранных инвесторов, рисковыми могут быть облигации, выпущенные в местной валюте. Во время рыночного стресса корреляция между ликвидностью и прочностью местной валюты становится положительной. Также фактором риска может быть высокая местная инфляция, что отрицательно коррелирует с ликвидностью облигаций.

На некоторых развивающихся и многих пограничных рынках существует проблема учета рыночной цены облигаций при эпизодических сделках с облигациями или их отсутствии. Отсутствие ежедневных цен на корпоративные облигации при низкой ликвидности государственных облигаций также является проблемой. К примеру, на рынке облигаций Чили, несмотря на наличие институциональных инвесторов, отсутствовала ежедневная рыночная стоимость облигаций в силу низкой ликвидности рынка. Для решения указанной проблемы группа экономистов разработала модель временной структуры доходности государственных облигаций на основе факторной модели Vasicek по оценке временной структуры процентных ставок. Это позволило построить оценочную кривую доходности государственных облигаций в условиях неликвидного рынка государственных облигаций [8].

Аналогичная ситуация с ликвидностью наблюдается на рынке ценных бумаг Казахстана. Автор проанализировал казахстанский рынок корпоративных облигаций с 2014 по 2018 г. с учетом доходности к погашению и количества сделок на вторичном рынке. Так, за пятилетний период было проанализировано 397 облигаций и 9230 сделок с ними, согласно данным, полученным из публичных источников.

Для целей анализа были исключены сделки в иностранной валюте, бессрочные облигации, а также сделки с облигациями без указания доходности. Обнаружено, что самыми торгуемыми

являются облигации со сроком до погашения от 3,5 года до 4,5 лет, с частотой торговой активности 17,6%, или 44 сделки с одной облигацией за последние 250 (рабочих) дней.

Согласно данным таблицы 1, инвесторы предпочитают заключать торговые сделки с облигациями со сроком погашения до 5 лет. Гораздо меньше сделок заключалось со среднесрочными облигациями. Редкие сделки совершались с долгосрочными облигациями, так как долгосрочные инвесторы обычно придерживаются инвестиционной стратегии «удерживать до погашения».

Таблица 1 – Частота торговли облигациями

Срок до погашения (годы)	Количество сделок	Частота торговли	Средняя доходность до погашения
0–1	1230	13,60%	10,74%
1–1,5	527	17,20%	9,78%
1,5–2,5	1004	14,80%	9,98%
2,5–3,5	514	12%	11%
3,5–4,5	389	17,60%	11,21%
4,5–5,5	339	6,40%	10,56%
5,5–6,5	109	7,60%	11,44%
6,5–7,5	171	6,80%	10,78%
7,5–8,5	86	4,80%	9,79%
8,5–9,5	167	10,80%	9,74%
9,5–10,5	182	8,40%	9,75%
10,5–11,5	11	1,20%	10,13%
11,5–12,5	28	5,20%	6,67%
12,5–13,5	4	1,20%	10%
13,5–14,5	16	1,20%	11,51%
14,5–15,5	103	5,60%	5,61%
15,5–16,5	16	3,20%	8,60%
16,5–17,5	3	1,20%	13,26%
17,5–18,5	0	0	0
18,5–19,5	0	0	0
19,5–20	0	0	0
(+) 20	77	8%	6,61%
Итого	4976		

Примечание – Составлено автором.

Эмитенты корпоративных облигаций были сгруппированы в три крупные категории.

1. Первая, самая многочисленная категория, составляющая более половины всех корпоративных эмитентов, включает в себя компании из различных отраслей экономики (коммуникации, тепловые сети, продовольствие, фармацевтика, консультационные услуги и пр.). Данная категория эмитентов характеризуется торговлей одним или двумя выпусками облигаций, небольшим объемом размещения и средним сроком обращения порядка 5 лет. Также облигации эмитентов данной категории торгуются с самыми высокими ставками на рынке.

2. Вторая категория эмитентов – национальные компании и аффилированные компании национальных холдингов – менее четверти всех эмитентов облигаций. Такие эмитенты выпускают долгосрочные облигации от 10 до 30 лет и имеют несколько выпусков.

3. Третью категорию эмитентов составляют банки с самой высокой торговой активностью сделок по своим облигациям. Данной категории характерно наличие от 5 до 10 крупных по объему выпусков. Сроки обращения составили в среднем от 5 до 7 лет. Ставки доходности к погашению варьируются в зависимости от кредитоспособности эмитента.

С 2014 по 2018 г. в целом наблюдалась положительная динамика торговой активности на рынке облигаций. Однако если проанализировать среднее число сделок в день, картина становится менее оптимистичной. Так, в 2014 г. на бирже в среднем в день заключалось всего

6 сделок при наличии 397 эмитентов. В 2016 г. наблюдалось снижение количества сделок – в среднем всего 4 в день.

В результате анализа автором выявлена низкая ликвидность на вторичном рынке корпоративных облигаций. Низкая ликвидность негативно влияет на качество ценообразования облигаций. К примеру, на 5 января 2020 г., согласно Методике оценки стоимости ценных бумаг КФБ, из 258 действующих выпусков облигаций лишь 20 международных облигаций имели текущую рыночную оценку (котировки Bloomberg). Остальные корпоративные облигации были помещены в категорию «неликвидные облигации» из-за отсутствия сделок за последние 10 дней. Можно предположить, что на вышеуказанную дату большая часть тенговых выпусков корпоративных облигаций являлась неликвидной, не имела текущей рыночной оценки. Выявлено, что на рынке ценных бумаг заключается очень мало сделок по купле-продаже, что свидетельствует о его низкой ликвидности: к примеру, на рынке облигаций в течение дня происходит всего несколько сделок с облигациями. Это означает, что в указанный день функционирует фрагментарная кривая доходности процентных ставок с доходностями на трех–четырёх точках (сроках погашения).

Таким образом, проведенный качественный анализ показал, что ликвидность на казахстанском рынке ценных бумаг является низкой. Данное наблюдение подтверждается отчетом международной классификации FTSE, согласно которой казахстанский рынок определяется как «пограничный рынок» (первоначальная ступень развития) [9]. В частности, Казахстан не соответствует требованиям FTSE в части достаточной ликвидности рынка.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Report of Emerging Markets Committee of the International Organization of Securities Commissions in collaboration with the World Bank Group, “Development of Corporate Bond Markets in the Emerging Markets”, November, 2011.
- 2 Easley D., O’Hara M. Is Information Risk a Determinant of Asset Returns? Journal of Finance, 2002, vol. 57, issue 5, 2185–2221.
- 3 Amihud Yakov, Mendelson Haim. Asset pricing and the bid-ask spread Journal of Financial Economics, 1986, vol. 17, issue 2, 223–249.
- 4 Brennan M., Subrahmanyam A. Market microstructure and asset pricing: On the compensation for illiquidity in stock returns. Journal of Financial Economics, 1996, vol. 41, issue 3, 441–464.
- 5 Aiyagari S., Gertler M. Asset returns with transactions costs and uninsured individual risk. Journal of Monetary Economics, 1991, vol. 27, issue 3, 311–331.
- 6 Vayanos D., Vila J.L. Equilibrium interest rate and liquidity premium with transaction costs. Economic Theory, 1999, vol.13, 509–539.
- 7 Mahanti S., Nashikkar A., Subrahmanyam M., Chacko G., Mallik G. “Latent liquidity: A new measure of liquidity, with an application to corporate bonds”. Journal of Financial Economics, 2008, vol. 88, issue 2, 272–298.
- 8 Cortazar G., Schwartz E.S., Naranjo L. Term Structure Estimation in Markets with Infrequent Trading. International Journal of Finance and Economics, Volume12, Issue 4, 2007, 353–369.
- 9 FTSE Country Classification Process September 2017.

А.Н. ТАТИБЕКОВА,¹

докторант.

«Тұран» университеті¹

ӨТІМДІЛІК – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ БАҒАСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ФАКТОРЫ

Аңдатпа

Өтімділік – бағалы қағаздар нарығының үздіксіз жұмыс істеуі үшін маңызды фактор. Өте өтімді нарықтар инвесторларға бағалы қағаздардың үлкен көлемін олардың бағаларына әсер етпестен сатып алуға немесе сатуға мүмкіндік береді. Бағалы қағаздың өтімділігі оның бағасына және операциялардың

жиілігіне әсер етуі мүмкін: инвесторлар бағалы қағаздарды жеңілдікпен сата алады немесе тиісті бағасы бар лайықты сатып алушыны күте алады. Дамушы нарық елдерінің корпоративті облигациялар бойынша нарық өтімділігі төмен. Дағдарыс кезінде нарық өтімділік қаупіне тап болады және қалыпты жағдайда сирек сатылатын бағалы қағаздарды сату өте қиын болады. Шетелдік инвесторлар тұрғысынан ұлттық валютаның күші арасындағы корреляция оңды болады. Кейбір дамушы нарықтарда сирек облигациялармен жүргізілген операциялар нәтижесінде облигацияларға баға белгілеу проблемасы туындайды. Мемлекеттік облигациялардың өтімділігі төмен кезде корпоративті облигациялардың күнделікті бағаларының болмауы да проблема болып табылады. Мысалы, Чили облигациялар нарығында институционалды инвесторлардың болуына қарамастан, нарық өтімділігі төмен болғандықтан облигациялардың күнделікті нарықтық құны болған жоқ. Автор соңғы бес жылдағы корпоративтік облигациялармен жасалған операцияларды талдады. Саудасаттық операцияларының төмен жиілігі анықталды, нәтижесінде көптеген өтеу мерзімдеріне ағымдағы бағалардың болмауы табылды. Нәтижесінде, Қазақстан бағалы қағаздар нарығында бірнеше өтеу мерзімі бойынша табыстылық ауытқымасы бар.

Тірек сөздер: активтер, құнын белгілеу, өтімділік, корпоративтік облигациялар, тәуекелдер, транзакциялық шығындар, шығарушылар.

A.N. TATIBEKOVA,¹
PhD student.
Turan University¹

LIQUIDITY AS A LONG-TERM STRUCTURAL FACTOR AFFECTING ASSET PRICING IN KAZAKHSTAN

Abstract

Liquidity is an important factor for the proper functioning of the securities market. Deeply liquid markets allow investors buy or sell large amounts of securities without affecting their prices. Liquidity of securities may affect their prices and frequency of trades: investors would sell papers with discount or wait for relevant buyers with adequate prices. There is low liquidity of corporate bonds markets in countries with emerging economies. During crisis time in the market the risk of liquidity emerges and bonds become quite difficult to sell, not to mention the sale under usual conditions. From foreign investors' perspective bonds issued in local currency could be risky as well. During market crisis the correlation between liquidity and currency strength becomes positive. On some emerging markets there was a problem of pricing of bonds due to few trades with bonds. Absence of daily quotes for corporate bonds under conditions of low liquidity of government bonds could pose a problem. For instance, in the bond market in Chile despite of institutional investors, there was no daily market value of bonds due to low market liquidity. The author analyzed trades with corporate bonds for the last 5 years. The author found out low frequency of trades and absence of up to date prices for some maturities. As a result, the Kazakhstan securities market operates a fragmented interest rate yield curve with yields on multiple maturities.

Key word: assets, pricing, liquidity, corporate bonds, risks, transaction costs, issuers.

FTAXP 10.17.47
ЭОЖ 35.083.94

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2020-1-4-279-285>

М.Д. НАУРЫЗБЕК,¹
докторант.
ҚР Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы¹

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АЛДЫН АЛУ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ СЫЙЛЫҚ БЕРУ МЕН АЛУ САЯСАТЫ

Андатпа

Мақалада мүдделер қақтығысы және оны алдын алу мәселесі қозғалып жатыр. Жалпы мүдделер қақтығысының бірінші қаупі мемлекеттік қызметшілердің жеке мүдделері мен қоғамдық мүдделердің арасындағы балансты бұзуында жатыр. Ал екінші қаупі боп мүдделер қақтығысы қоғамдық сенімді және мемлекеттік шенеуніктердің адалдығы мен бейтараптығына деген сенім деңгейін төмендетеді. Осы мақалада Қазақстандағы мүдделер қақтығысының нақты нысаны – мемлекеттік қызметшілерге сыйлық беру мен алу саясаты, атап айтқанда, нөлдік сыйлық саясат пен сыйлықтарға шектеулі тыйым салу саясаты талданып зерттеледі. Бір жағынан, сыйлық саясаты мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында сыйлықтарды алуға мүлдем тыйым салуы мүмкін. Бұл нөлдік сыйлық саясат баға шегіне қарамастан кез келген сыйлықтарға тыйым салуды білдіреді. Нөлдік сыйлық саясатын бекіту мемлекеттік билікке деген сенім деңгейіне әсер етеді, өйткені азаматтар мемлекеттік қызметшілер жұмысының нәтижесіне ешқандай факторлар әсер етпейтінін нақты біледі. Алайда, бұл мемлекеттік қызметшілердің іс-қимыл еркіндігін айтарлықтай шектеу боп түсініледі. Екінші жағынан, сыйлық саясаты мемлекеттік қызметшілерге жұмыс орнында да, жұмыстан тыс уақытында да сыйлықтарды алу ережелерін анықтауы мүмкін. Егер сыйлыққа рұқсат етілсе, онда қолайлы баға орнатылу мәселесі де туындап жатыр. Бұл сыйлықтарға шектеулі тыйым салу саясатын қабылдауды білдіреді және бұндай тәсіл мемлекеттің қызметшілердің саналарының дамуына да ықпал жасайды. Автор жасаған нәтижелер бойынша Қазақстан үшін неғұрлым қолайлы саясат ұсынылады.

Тірек сөздер: мемлекеттік қызмет, мүдделер қақтығысы, нарративті саяси талдау, нөлдік сыйлық саясат, сыйлықтарға шектеулі тыйым салу, сенім, тәуекелдер.

Бүгін Қазақстанда мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы мәселесіне ауқымды көңіл бөлінуде. «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында бірінші басымдық ретінде кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру белгіленді.

Бұдан басқа, Қазақстан әлемнің дамыған 30 елінің қатарына да кіруге ұмтылуда. Соңғы онжылдықтарда ЭЫДҰ елдерінің көпшілігі мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысын алдын алу және этикалық құндылықтарды ілгерілету мақсатында жаңа ережелер мен кодекстер енгізді. Бұл орайда Қазақстанда да аталған мәселе күн тәртібінде тұр.

Осылайша, осы мақалада Қазақстандағы мүдделер қақтығысының нақты нысаны – мемлекеттік қызметшілерге сыйлық беру мен алу саясатының екі нұсқасын, атап айтқанда нөлдік сыйлық және сыйлықтарға шектеулі тыйым салу саясаттарын талдап, зерттеу мақсаты қойылған. Мақаланың нәтижесі ретінде саясаттың екі нұсқасын жан-жақты талдау негізінде Қазақстан үшін неғұрлым қолайлы саясат туралы қорытынды жасалатын болады.

Бұл мақалада нарративті саяси талдау әдісі қолданылады. Э. Ро өз зерттеуінде нарративті саяси талдауының негізгі төрт сатысын белгілейді, атап айтқанда талдаушы жалпы қабылданған ережелерінен бастап, саяси нарративтерді анықтайды. Аналитиктің екінші мен үшінші қадамдары бұл мәселедегі қолданыстағы саяси нарративтерге қайшы келетін басқа нарративтерді анықтап, саяси нарративтерді салыстырудан тұрады. Соңғы сатысында талдаушы қорытынды жасап, метанарративті анықтайды [1].

Осы мақалада саяси нарративтер ретінде мемлекеттік қызметшілерге сыйлық беру мен алу саясаттың екі нұсқасы қолданылады. Осылайша, екі саясат талданып, метанарратив ретінде Қазақстан үшін неғұрлым қолайлы саясат бойынша тұжырымдама жасалады.

Бұл ретте, мәселені талқылауға кіріспес бұрын, мүдделер қақтығысы мен сыйлық мәселелерін зерттеу бойынша алдыңғы әдебиетке шолу жасау керек.

Мысалы, Т. Карсон өз жұмысында мүдделер қақтығысы ұғымын жан жақты талдай отырып, көптеген мән-жайлар қате бойынша мүдделер қақтығысы деп есептелінбейді, ал *prima facie* басқа жағдайлар қате боп мүдделер қақтығысы ретінде қабылданатынын пайымдайды [2].

Бұдан басқа, Г. Бойс және С. Дэвидс өздерінің зерттеуінде мүдделер қақтығысын реттейтін тиісті нормативтік және басқарушылық тәсілдерді талдай отырып, келесіге аса назар аударады: (1) қызметшілердің міндеттеріне қайшы келетін олардың жеке мүдделері; (2) мемлекеттік сектордың жұмысы барысында туындайтын мүдделер қақтығысын басқару; (3) этикалық және ұйымдастыру мәдениетін дамыту [3].

Өз кезегінде, Р. Робертс және М. Досс мүдделер қақтығысын сыйлық беру призмасы арқылы зерттейді. Үкімет этикасындағы шектеулерге басымдық қоғамдық сенім нығайту үшін тиімсіз деп пайымдайды. Авторлар сыйлықтар мен тиісті ережелердің кемшіліктерін көрсетіп, ережелер жеке адалдыққа қарағанда, ұйымның беделіне көңіл бөліп, қоғамдық сенімді нығайтудан гөрі, осы ережелердің саяси рөлін нығайтуға бағытталғанын тұжырымдайды [4].

Х. Фэйн өз зерттеуінде мемлекеттік басқарушылар Үкіметке деген қоғамдық сенімін қалпына келтіру үшін қолданыстағы стандарттарды арттыру қажеттігін атап өтеді. Осындай стандарттардың бірі мемлекеттік қызметшілер үшін сыйлық саясатын нығайту деп пайымдайды. Автор нөлдік сыйлық саясатын қарастырып, оның басты артықшылықтарын талдайды [5].

Сонымен қатар, М. Бак зерттеуші «қымбат» сыйлықтарға құндылық шектеулерін қоя отырып, сыйлық беруге шектеулі тыйым салу ең оптималды екенін тұжырымдайды. Шектеулі тыйым салу толық тыйым салудан гөрі әлсіз әсерге ие, алайда автор осындай саясат сыйлықтардан ақшаға ауысу тәуекелдерін азайту арқылы сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік шығындарын төмендету мүмкіндігін атап өтеді.

Осылайша, қарастырылған әдебиет мүдделер жүйесі мен сыйлық беру мен алу мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтар беру және алу мәселесін реттейтін нормативтік ережелер бар, бұл тұтастай алғанда реттеу жүйесінің болуын білдіреді. Алайда, қазіргі ахуалды бағалау мақсатында аталған нормаларды егжей-тегжейлі қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабы 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына байланысты сыйлықтарды алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу ретінде саналады [6].

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚТК) 676, 677, 678 баптарына сәйкес заңсыз материалдық сыйақы беру және алу әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген [7].

Осылайша, беруші – жеке тұлға үшін 200 АЕК (555 600 теңге), беруші – заңды тұлға үшін 750 АЕК (2 083 500 теңге), ал алушы үшін – 600 АЕК (1 666 800 теңге) мөлшерінде әкімшілік айыппұл қарастырылған. Сонымен қатар, егер заңды тұлға тарапынан бір жыл ішінде осындай заңсыз іс-әрекет қайталанып жасалса, 1500 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған [7, б. 676–678]. Сыйлықтың құны 2 АЕК-тен (5 556 теңге) жоғары сыйлық қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін [8, 366-бап].

Жалпы, 2019 жылдың нәтижесі бойынша ҚР ӘҚБтК 676–677 бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық үшін 27 хаттама толтырылды, салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 10 386 200 теңге, ал мемлекеттік қызметшілер арнайы мемлекеттік қорға (сыйлықтарға) берген сыйлықтардың сомасы 683 212 теңгені құрайды [9].

Тұтастай алғанда, Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтарды беру және алу мәселесін реттейтін нормативтік жүйе бар. Атап айтқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау деп қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлық алу ғана танылады.

Сонымен, мақалада қарастырылатын бірінші нөлдік сыйлық саясат мемлекеттік қызметшілерге кез-келген сыйлықтарға тыйым салатын нақты ережелерді қабылдауды қамтиды.

Көрнекі мысал ретінде 1993 жылы Хьюстон қаласында орнатылған саясатты келтіруге болады. Оған сәйкес қалалық қызметкер кез-келген жағдайда ешқандай пайданы тікелей немесе жанама түрде қабылдамауы керек, егер бұл пайдадан қалалық органдарға қандай да әсер ету немесе басқа да әдепсіздік туылса (City of Houston Executive Order no. 1–28, 1993). Сонымен қатар, мемлекеттік қызметші сыйлық ретінде ешқандай ақша қаражатын, мүлікті, қызметті, несие не басқа құнды затты немесе әсер ету ниетімен берілетін басқа да кез келген затты қабылдамауы немесе сұрамауы тиіс. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметші ешқандай ақша қаражатын, мүліктік қызметтерді немесе басқа да бағалы заттарды өзінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыру, орындау немесе орындамау үшін жеке тұлға немесе тұлғалар тобынан қабылдамауы немесе сұрамауы тиіс (City of Houston Code § 14–183, 1993). Қалалық биліктің пікірінше әдепсіздіктің кез-келген көрінісіне жол бермеу үшін және алуға рұқсат етілген сыйлық түрлеріне қатысты келіспеушіліктердің болмауын қамтамасыз ету мақсатында барлық сыйлықтар орынсыз деп саналуы керек [10].

Қазіргі уақытта мұндай қатаң саясатты ұстанушылар көп емес. Мысалы, Малайзия [11] және Филиппин [12] мемлекеттері осындай ережелерді ұстанатынын атап өту керек.

Осы контекстте Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 қазандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне сыйға тартушының пайдасына жасаған әрекеттері үшін сыйлықтарға, материалдық сыйақыға және қызмет көрсетуге, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 509 бабына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 216 бабына өзгерістер енгізу арқылы, толық тыйым салынғанын атап айту жөн [13]. Одан бұрын аталған нормативтік құқықтық актілерде тыйым салынатын сыйлық құнының шегі 10 АЕК боп орнатылған, және сол себепті сыйлықтарды сыйлау саясатында түсініспеушіліктер болған. Яғни, жаңа енгізілген өзгертулер нөлдік сыйлық саясаттың көрінісін білдіреді деп те айтуға болады. Алайда, сыйлық заңсыз деп танылу үшін сыйлық пен мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетінің арасындағы себеп-салдарлық байланысының болуы міндетті шарт.

Жалпы, бір қарағанда, нөлдік сыйлық саясат бірқатар артықшылықтарды болжайды, олардың ішінде, бірінші кезекте, мемлекеттік қызметшілердің қызметіне күмән болмайтыны. Мерекеге арналған гүлдер не кішігірім рахмет ретінде шоколад қорапшасын қабылдаған мемлекеттік қызметші опасыз және сыйлықтардың ықпалына түсетін адам ретінде болып көрінуі мүмкін. Бұл, өз кезегінде, бүкіл мемлекеттік аппараттың беделі мен сеніміне нұқсан келтіреді. Екіншіден, нөлдік сыйлық саясат болашақта потенциалды мүдделер қақтығысының болу ықтималдығын жояды. Осыған ерекше назар аударған жөн. Бүгін туған күніне арналған айыпсыз гүлдер ертең кішігірім сұранысты орындауда қандай да бір рөл атқара алуы мүмкін. Үшіншіден, осындай ережелер қоғамдық сенімді нығайтуға тікелей ықпал етеді. Алайда, толық тыйым салудың қатаң бақылауды орнатуымен қатар, мемлекеттік қызметшінің әрекет және таңдау еркіндігін де басады.

Осы мақалада талданатын екінші саясатқа келетін болсақ, көптеген елдер дәл осындай саясатты ұстанатынын атап өткен жөн. Осындай саясаттың басты түйіні – сыйлықтар алу кезінде белгілі бір шектеулерді орнату, ол баға, жағдайлар шеңбері, категориялар және т.б. шектеулер, бірақ сыйлықтарға толығымен тыйым салынбайды. Негізінен мемлекеттік қызметшілер үшін сыйлықтардың баға шектеулері анықталады, яғни сыйлық аспауы тиіс ең жоғары баға анықталады.

Аталған саясатты қолданушылардың бірі Корея Республикасы болып табылады. Жалпы, Кореяда сыйлықтар мәдениеті дәстүрлердің бір ажырамас бөлігі болып табыатынына аса назар аударған жөн. Корея Республикасының ең соңғы жетістіктерінің бірі Сыйлықтар алу мен паракорлық туралы Заңды қабылдау болды (The Improper Solicitation and Graft Act, Act No. 13278, Mar. 27, 2015. Amended by Act No. 16658, Dec 29, 2019). Аталған Заңға сәйкес (8 – бап) мемлекеттік қызметшілерге бір жолғы бір миллион воннан (350 мыңнан аса қазақстандық теңге) және бір қазыналық жыл мерзім ішінде үш миллион воннан (1 млн аса

қазақстандық теңге) асатын ақшаны және сыйлықтарды қабылдауға, сұрауға немесе алуға уәде беруге болмайды [14]. Ал мемлекеттік қызметшіні парақорлық үшін заңмен бекітілген жауапкершілікке тарту мақсатында тиісті құқық қорғау органдар мен инстанциялар сыйлық не ақшаның мемлекеттік қызметшінің әрекеттерімен байланысын дәлелдеуге тура келеді.

Бұдан басқа, үйлену және басқа тойларына арналған сыйлықтардың құны де шектеледі. Мысалы, үйлену тойлары мен жерлеу үшін рұқсат етілген сыйлықтардың құны 50 000 воннан аспауы тиіс. Бұдан басқа, тамақтану үшін (оның ішінде сусындар) 30 000 воннан артық соманы жұмсауға болмайды. Бұл жағдайларда ерекше атап өткен жайт, берілген сыйлық не ұсыныстың нақты лауазымдық міндеттерді орындауымен байланысының бар-жоғы мүлдем маңызды емес [15].

Жоғарыда айтылғандардан Корея Республикасы мемлекеттік қызметшілердің сыйлықтар алуы үшін шекті соманы белгілегені айқын. Яғни, сыйлықтарға толық тыйым жоқ. Біріншіден, жыл бойы және бір жолғы сыйланатын сыйлықтардың шекті сомасы белгіленді. Алайда, бұл жағдайда мемлекеттік қызметшіні жауапкершілікке тарту үшін сыйлық пен мемлекеттік қызметшінің іс-әрекеттерінің арасында себеп-салдарлық байланысты дәлелдеу қажет. Екіншіден, мемлекет мерекелерге жұмсалатын шығындар және соған қатысты сыйлықтар бойынша бағалық шектеулер белгіледі. Алайда, мұндай жағдайларда себеп-салдарлық байланыс мүлдем қажет емес. Егер мемлекеттік қызметші белгіленген сомадан асып кетсе, онда нормативтік құқықтық нормаларды бұзушы болып табылады.

Мұндай саясаттың талай артықшылықтары бар. Бірінші артықшылық ретінде мемлекеттік қызметшіге таңдау еркіндігін беру және тыйым салу тәсілінен бас тартуында жатыр. Екіншіден, мұндай саясат мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіндегі саналылықты дамыта отырып, парасаттылық қасиеттерін тәрбиелейді. Әрине, кемшілік ретінде нөлдік сыйлық саясатқа қарағанда, сыйлықтарға шектеу салу әлдеқайда әлсіреу болып табылады.

Жоғарыда келтірілген екі саясатты талдау нәтижелерінен екі саясаттың да бірқатар артықшылықтары бар екенін атап өткен жөн. Егер нөлдік сыйлық саясаты туралы айтатын болсақ, онда бұл саясат – жұмыс процесінде мемлекеттік қызметшінің шешімдеріне қандай да әсер етуі мүмкін заңсыз сыйлықтарды бір рет және біржолата жеңудің ең тиімді әдісі. Аталған саясат қоғамның мемлекеттік билікке деген сенімін нығайтуға және кез-келген күдіктерді болдырмауға тікелей ықпал етеді. Алайда, бұл саясат мемлекеттік қызметшілерді әрекет және таңдау еркіндігін шектей отырып, толық бақылауды белгілейді.

Сыйлықтарды шектеудің екінші саясаты, өзінің мәні бойынша, неғұрлым демократиялық болып табылады және мемлекеттік қызметшіге дербес шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл, сөзсіз, мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттерінде өзіндік тәртіп пен саналылықты тәрбиелейді. Дегенмен, сыйлықтарға рұқсат беру саясаты мемлекеттік қызметшілер үшін белгілі бір жеңілдіктерді белгілейді, бұл жүйелі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тиімсіз жол деп те пайымдауға болады.

Біздің халқымыздың менталитетін, дәстүрлердің жаңалықтардан басым болуын, талдау нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік қызметшілердің себеп-салдарлық байланысына қарамастан және сыйлық құнының қандай да бір шегін белгілемей-ақ жұмыс орнында кез келген сыйлықтарды беру мен алуға жаппай тыйым салуды белгілеу орынды деп санаймыз. Бұл контекстте мемлекеттік қызметшілерге сыйлық беру және алуына тыйым салу болашақта потенциалды мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмайтынын атап өткен жөн. Сонымен қатар, біздің ойымызша, Корея Республикасының тәжірибесінің негізінде, жұмыс уақытынан тыс уақытта, мысалы, туған күні, үйлену және жерлеу тойларына, сыйлықтар мен сыйланатын басқа да құнды заттардың шекті бағаларын белгілеу қажет.

Осылайша, осы мақаладағы талдау нәтижесінде Қазақстанның мемлекеттік қызметшілері үшін нөлдік сыйлық саясаты неғұрлым қолайлы саясат деп пайымдаймыз. Оған қоса, жұмыстан тыс уақытындағы нақты жағдайларда, мысалы, туған күні, үйлену және жерлеу тойларына сыйланатын сыйлықтар мен басқа да құнды заттардың баға шектерін орнату орынды деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Roe E. Narrative policy analysis: theory and practice. – Duke University Press, 1994. – URL: https://www.sivioinstitute.org/wp-content/uploads/Public_Policy_School/Introduction_to_Public_Policy_Making/Narrative-Policy-Analysis-Theory-and-Practice.pdf.
- 2 Carson T.L. Conflicts of interest // Journal of Business Ethics. 1994. Т. 13. No. 5. P. 387–404.
- 3 Boyce G., Davids C. Conflict of interest in policing and the public sector: Ethics, integrity and social accountability // Public Management Review. 2009. Т. 11. No. 5. P. 601–640.
- 4 Roberts R.N., Doss JrM.T. Public service and private hospitality: a case study in federal conflict-of-interest reform // Public Administration Review. 1992. P. 260–270.
- 5 Fain H. The case for a zero gift policy // Public Integrity. 2002. Т. 4. No. 1. P. 61–74.
- 6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410–V ҚРЗ. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>.
- 7 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы. Қазақстан Республикасының Кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235–V ҚРЗ. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>.
- 8 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226–V ҚРЗ. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.
